

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Элизабет Бишоптың  
«Қызғылт түсті ит» туындысы





**Мақсаты:** Ким Фортунидің Элизабет Бишоптың «Қызғылт түсті ит» өлеңіне жасаған талдауымен танысу.

**Тірек сөздер:** ит, жан-жануарлар, адам.

Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясының мазмұнына шолуды одан әрі жалғастырамыз. Кезекті дәріс зерттеуші Ким Фортунидің Элизабет Бишоптың «Қызғылт түсті ит» атты өлеңін талдаған эссесіне арналады.

Элизабет Бишоптың жан-жануарларға арналған туындылары туралы сөз ете келе, Джулия Ривкин мен Майкл Райан оның «Балық» және «Бұғы» атты өлеңдерін мысалға алады. Бұл өлеңдер адам мен жануарлар арасында байланыс орнаған сәттен бастап маңызын жоймаған. Алайда, «Қызғылт түсті ит» өлеңі – мүлдем өзгеше тарих. Мағынасыз бұл өлең тым күлкілі көрінеді, – деп пайымдайды К. Фортунни, – қызғылт түсті ит Бишоптың адамнан бөлек жаратылыстарға басқаша қырынан қарағанын дәлелдейді.

## Ит

Баллада – көркемдік баяндаудың көнеден келе жатқан формасы ретінде өзінің материалдарын мәдениеттің әртүрлі салаларынан алады деп жазады Ким Фортунни. Балладада әлеуметтік оқиғалар мен күрескерлер суреттеледі. Элизабет Бишоптың «Қызғылт түсті ит» өлеңі маргиналды сюжетке құрылған. Алайда мұнда әлеуметтік аутсайдер кәдімгі тірі иттің бейнесінен көрінген. Қызғылт түсті ит өркениетті қоғамнан тыс жерде өмір сүреді. Өлең – жасырын юмор жанрында жазылған. Аутсайдердің метонимиялық фигурасы – әлеуметтік әділетсіздіктің құрбаны, жолы болмайтын кейіпкер.

Өлеңнің рифмдары балаларға арналған өлеңдердегідей құрылған. К.К. Дорески «Қызғылт түсті ит» өлеңіндегі рифмалар – өлеңді күлкілі және талғамсыз еткен деп жазады. К. Фортунни Бишоптың бұл өлеңін – далбаса, мағынасыз сандырақ деп бағалайды. Сондықтан болар, «Нью-Йоркер» Бишоптың өлеңін бірінші болып жариялаудан бас тартып жүрді. Кейіннен өлең 1979 жылы 26 ақпанда «Рио-де-Жанейро» деген атпен журналда ақыры жарияланды.

Өлең жеңіл, әрі каламбурға толы, комикалық сипатта болғанына қарамастан, өміршеңдігін жоймаған дейді көпшілік зерттеушілер, соның бірі – ғалым Дорески.

Бишоптың көпшілік өлеңдері секілді «Қызғылт түсті ит» өлеңі жануарлар тақырыбын қозғайды. Қызғылт түсті итті Бишоп «таңғажайып құбылыс, жүнмен жасырынған жаратылыс» деп біледі. Оның иті басқа жануарларға пародия сияқты. Қызғылт түсті ит Бишоптың басқа жануарларымен салыстырғанда, не қорқыныш ұялатпайды, не ерекшеленбейді. Бірақ ол: ауру, жүнжіп біткен, адамдардан бөлек жерде өмір сүреді, жуындымен күнелтеді. «Мұндай жануар қандай құпия жасыруы мүмкін?» деген сұрақ туындайды осы ретте. Бұдан былай итті метафоралық жануар деп білмесе, оның білдіретін мағынасы қандай екен?

Өлең басталғанда автор Рионың жағалауындағы қызылды-жасылды киінген, жартылай жалаңаш адамдарды суреттеуден бастайды. Күшіктерін жасырып үлгереді, бірақ иттің өзі адамдардың қорлығына тап болады.

Билік қаланың маңында тіршілік ететін, қоғамға ешқандай пайда келтірмейтін барлық жануарларды құрту керек, сонда ғана прогреске қол жеткіземіз деп білді. Психикалық науқас немесе әлеуметтік девиантты адамдар секілді, көне иттерінің ешқандай құны жоқ. Белгілі бір жұмысқа (мәселен, ит жайылып кеткен қойларды отарына қайтару, үйді не мүлікті қорғау т.б.) тартылмаса, ешқандай жануардың тіршілік етуге құқысы жоқ. Кез келген пайдасыз заттар секілді одан құтылу керек. Баяндаушы: «Ауру, төрт аяқты иттерді қайтеді екен?» деп сұрайды. Оның өз сұрағына берген жауабына қараңыз: «Олар көзге күйік болмауы керек».

Дорески Бишоптың бұл өлеңін адам баласының қайғы-мұңына «юморлық немқұрайлықпен қараған» деп қатты сынға алады. Басқа зерттеушілер өлеңдегі ит – адамның, әсіресе әйелдердің сыртқы келбетін суреттеген деп айыптайды. Көп жағдайда, өлеңді маргиналды әйел тәнін сипаттаған дейді. Әйелдің тәні мен иттің денесі арасындағы метафоралық байланысты білдіре отырып, өлеңде мәдени және әлеуметтік конвенцияға қарсы шығады. Поэмаларда



жануарлар – автордың ішкі сезімдерін білдіру тәсілі ретінде пайдаланылған, Хелен Вендлер иттің метафоралық мәнін түсіну керек, сонда ғана ондағы адами терминдерді түсінуге болады деп есептейді. «Қызғылт түсті ит» арқылы автор адами ауыртпалықты ғана емес, әлеуметтік және саяси көзқарастарды көрсетуге тырысқан.

Каламбур мен ойын нәтижесінде туындаған күрделілік өлеңдерде иттердің мәдени маңызын тереңдете түскен. Солтүстік американдық аудиториямен таныса отырып, Бишоп оқырмандардың оның кейіпкерлерімен таныс болмағанын жақсы түсінеді. Бишоптың кейіпкерлерін жақсы түсінген оқырман оның бұл өлеңіндегі ит – адамның ішкі күйзелісін метафоралық білдірудің символы екенін жақсы пайымдайды. Жабайы жануарлар – солтүстік американдық және солтүстік еуропалық қалаларда 1979 жылға дейін көшенің өмірін сипаттайтын көрініс болып келген. Бірақ өлең жарияланғанда, оқырмандар жануарларға күнделікті ақиқат өмірдің айнасы деп қараудан қалған-ды. XX ғасырдың басында қала көшелерінде жабайы және кішкентай ғана жануарлар бейнесінде фермерлердің өмірлері суреттелді. Иттер үй жануары ретінде қалаларға әкелінді, олар сыртта, таза ауада үй не мүлікті қорғап, қызмет етті. Иттер, алайда бұдан басқа қызметке жарамады. Иттер адамдардың қолына үйретілген алғашқы жануарлар еді. Донна Харауэй қасқырларды «иттерге айналу жолында қолға үйретіле алмайтын қасиетін сақтап қалды» дейді. Бұл өлеңді оқи отырып, иттер адамдарға қызмет ету үшін ертеден бері тәрбиеленбегенін түсінеміз. Жабайы иттер адамдардың қауымдастығында екі мыңжылдықтан бері тіршілік етіп, қоқыстар мен адамдардан қалған жуындыларды жеп, күнелтіп келеді. XX және XXI ғасырда иттердің бірқатары адамдармен бірге өмір сүрсе, бірқатары әлемнің көптеген аудандарында әлі де жабайы болып қалуда. Рио-де-Жанейрада тұрған Бишоп күн сайын көше иттерін көріп жүретін. Сондықтан оның өлеңдеріндегі ит – тек метонимиялық жануар ғана емес, шынайы өмірде болған жануар. Бишоп адамдар ғана емес, жануарлардың да күнделікті қиындықтарын, азаптарын шынайы суреттейді.

Басқа өлеңдеріндегі секілді Бишоптың бұл туындысындағы ит – адам қол жеткізе алмайтын жануар. Автор адамның жануарларға билік ете алмайтынын көрсеткісі келеді. «Қызғылт түсті ит» өлеңіде, «Балық» немесе «Бұғы» өлеңдерінде де осы мақсат көзделген.

## Бұғы

Қызғылт түсті иттің өмір сүруі – адамдармен бірге өмір сүруімен ассоциацияланады. Бишоптың өлеңдерінде жануарлардың түрлері адамдарға, олардың өмір сүру тәртібіне ұқсас суреттелген. «Бұғы» өлеңінде автор автобуспен батысқа қарай сапар шеккен жергілікті тұрғындар туралы баяндайды. Автобус тоқтағанда, бұғының ұрғашысы орманнан жолға шығып, оларға таңырқай қарап тұрады. Автобустың ішіндегі шағын ғана тіршілік өтіп жатыр. Онда өмір, туылу және өлу туралы әңгімелер жүруде. Автобустың ішіндегі гуілге елітіп, әңгімеге құлақ түріп келе жатқан жүргізуші жол үстінде тұрған бұғыны көріп қалып, тежегішті бар күшімен басып, автобусты тоқтатады.

Адам мен жануардың кездесуі туралы постмодернистік әңгімелер Бишоптың метафизикалық интерпретациясына қарсы қойылып, метафоралық үдерістердің мәнін ашады. Бұғының интерпретациясы – бастапқы, бұзылмаған табиғат. Бұл тақырыпта бірқатар американдық ақындары, айталық Уолт Уитмен, Роберт Фрост және Харт Крейн қалам тартқан.

«Бұғыны» түсіндірген кейбір зерттеушілер Бишоптың табиғат пен сананың өзара қарым-қатынасын қалай талдағанына ерекше көңіл бөледі. Пегги Самюэлс «Бұғы» туралы ештеңе айтпайды, Бишоптың адам мен табиғаттың байланысына назар аударады. Хезер Касс Уайт пен Уиллард Шпигельман Бишоптың табиғатты суреттеуін Вордсвортпен салыстырады. Олар Бишоптың әлемді қалай естігенін, әлемнің дыбыстары арасынан өзінің дауысын іздеп тапқанын жазады.

Шпигельман Бишоптың Вордсвортқа қатты еліктеген деген ой тастайды. Ол Бишоп адам мен табиғат арасында бірлік бар білген деп есептейді. Бұғы да, қоршаған ортадағы басқа жануарлар да адамнан белгілі бір дәрежеде ерекшеленетіні белгілі. Бұл олардың арасындағы өзара байланыста да әртүрлі аспектілер болатынын көрсетеді. Саналы адам эпистемологиялық және онтологиялық мәтіндерде басты рөлде бола алады, ал бұғы антропормизм мен



персонификация үдерісінің шеңберінен шыға алмайды. Екеуінің арасындағы бұл кереғарлық пен ескірген риторикалық қондырғы қазіргі заман оқырмандарының қабылдауына белгілі бір дәрежеде әсер ете алады. Ким Фортунни осы әсерден Бишоп барынша қашқысы келгенін жазады.

Бұғы «Автобусқа жақындап, иіскелеп, жаңаны танығысы келіп тұр». Автобус – ол үшін беймәлім әлем. Автобус ішіндегілер үшін де бұғы – бейтаныс жаратылыс. Екеуі бірін-бірі тануға тырысуда. Бишоп өз өлеңінде бұғыны адамнан да жоғары етіп көрсеткісі келгендей. Бұғы автобусқа жақындағанда, автобустағы адамдар да бұғыға жақындап келеді. Бірақ адамдардың қорқынышы бұғының қорқынышынан да жоғары сияқты. Уайт бұғы – бойтұмарлық жануар деп бағалайды. Өлеңнің соңғы қатарларында автобус – жануар секілді суреттелген. Былайша айтқанда, автобус «жабайы табиғат» көзімен суреттелген.

## Балық

«Бұғы» секілді «Балық» өлеңі мәдениет пен табиғаттың қақтығысын бейнелейді. Бишоптың поэзиясын Бахтин теориясы тұрғысынан талдай отырып, Анастасия Граф ақынның «ерекше байқампаздығын» айрықша атап көрсетеді. «Балықтың» соңына қарай Граф ақынның өз нысанына ден қойып, білуге деген ұмтылысын өзі тежейтінін жазады. Бишоптың өлеңі оқырманды «нысанға пікір білдірудің орнына, оны дұрыс көре алуға» тәрбиелейді.

«Бұғы» өлеңінде секілді Бишоптың «Балық» өлеңінің соңы драматикалық сарынмен аяқталады. Бірақ ақын балықты адам үшін аса маңызы жоқ жаратылыс деп көрсетеді. Балық – өзгеше өмірі бар жаратылыс. Бишоп балықты адамға қызмет етпейді деп сипаттайды. Әдетте, жануарлардың іс-әрекеттерін адамның іс-әрекеттеріне ұқсатуға талпыныс жасалады. Егер жануарлар адами сезімдер немесе іс-әрекеттерді орындамайтындай көрінгенмен, оларда да адами эмоциялар болады. К. Фортунни ұят – тек адамға ғана тән қасиет, ешбір жануар ұят деген сезімді білмейді. Қожайынының не үшін уайымдап не қиналып отырғанын сезсе де, өзі ұятты басынан өткізе алмайды. Жануарлардың білетіні – олардың қожайынының білетінінен өзгеше: «Екеуі де біледі, қайталап сұраудың қажеті жоқ». Бірақ адамның білімі жануарлардың білімінен жоғары тұрады.

Бишоптың өлеңдеріне сипаттамалы талдау жасай отырып, ғалым Бонни Костелло ақын табиғат көріністерін адамға тәуелсіз етіп суреттеуге тырысқанын жазады. Өлеңде адамның сезімі бар, бірақ кеңістік адамның сезім-күйіне тәуелді емес.

Бишоп өлеңдерінде жануарлар кеңістікте адамдармен бірге өмір сүріп қоймай, адаммен байланысы жоқ ортада да өмір сүреді.

Бұл жануарлардың жұмбақ немесе құпия жаратылыс екенін тағы да дәлелдейді. Көптеген зерттеушілер Бишопты – теңестіру шебері деп бағалайды. Оның оқырмандарына беріп отырған ақпараттары қарапайым адамның түсінуіне қиын.

## «Қызғылт түсті ит» және адамға қолжетімсіз білім

«Қызғылт түсті ит» – юмор, тұтынушылықты ғана мойындайтын өмірге қарсы бағытталған әжуа. Бишоп өлеңдерінде осы тақырыпқа қайта-қайта сілтеме жасап отырады. Әңгімелеуші кедейлер мен құтқару кеудешелері туралы қалжыңдайды, бірақ оның астарында саяси трагедия жатқанын ескертеді.

Бұл күйіңізде сіз жүзе алмассыз,

Тіпті итше сүңги қоймассыз.

Ендігі кезекте байсалдылық танытып,

Шешім қабылдаңыз...

Шешім – қиялға толы болсын...

Қаладағы көше иттерінде өзіндік мәдениет жоқ болғандықтан, әңгімеші иттерге өздерін адаммын деп қабылдағандар деп ұсынады. Бірақ олар кейбір адамдар секілді екіжүзділікке са-



лынбауы керек. Риодағы кедейлер секілді иттер де Карнавалға қатысып, өздерінің сыртқы келбетін адами бетпердеде жасырып қоюы керек.

Бишоптың жануарларға арналған өлеңдерінің ішіндегі «Сөз сенімен бірге» өлеңін айтпағанда, иттің бейнесі адамзат әлемінің метафорасы, символы, аллегориясы ретінде қолданылмаған. Өлеңдегі иттің қызғылт түсті болуы – қышыма кесірінен қызарып кеткендігі. Өлең – бестарий, аллегория емес. Көше иттері кедей адамдар сияқты дертке шалдығып отырады. Бірақ иттердің құндылығын мұнымен шектеуге болмайды. Ит карнавал киімін киіп, көзін бояп алып, самба билеп, басқаша айтқанда, әйелдің бейнесінде жасырынып алынған. Өлең – адамдарға жасалған пародия. Пародия – күлкілі немесе жеңіл болып көрінгенмен, қаланың көше иттерін қолдана отырып, автор персонификация үдерісін әшкерелеуді мақсат етеді.

Бишоп өз өлеңіндегі қызғылт түсті итті адам көзімен бағаламайды. Адам мен иттің арасындағы сыртқы ұқсастыққа қарамастан, ит – өлеңнің басында «ақылды» деп суреттеледі. Бірақ ит адам қаншалықты тамақтандырып отырса, соншалықты ақылды болып қала береді. Адам итті тамақтандыруды тоқтатса болды, ит те ақылынан айрылады. Ит күшіктерін құйрығына жасырып, оларды муниципалды құрылыстардан қорғап қалғысы келеді. Муниципалды билік қаланы жабайы, қаңғыбас иттерден тазалау керек деген бұйрық шығарады. Бірақ ит бұл туралы ойланып отырған жоқ. Ол өмір сүру үшін қандай ережелерді сақтауы керектігін түсінбейді. Сондықтан адам мен жануар арасындағы қарым-қатынастың арақашықтығы өлеңде күшейтілген.

Қызғылт түсті ит Бишоптың басқа жануарларына қарағанда, поэтикалық сипатта. Қалалық көше иті бұғы немесе балық сияқты еркін өмір сүрмейді. Ит – кедей емес, өзінің жатын орнынан алыстай алады.

Әңгімелеуші ит пен оның әлемін адаммен байланыстырмай-ақ суреттеуге тырысады. Көше жануарлары адамның ішкі сезімі мен көңіл күйіне жауап қата алмайды. Су түбіндегі балықтар алдынан сүңгіп келген адамның көзіне қарамайды. Сол сияқты жабайы ит те көшеде өтіп бара жатқандарға немқұрайлықпен қарайды. Сондықтан бейшара итті көргендер оған амалсыз аяушылық танытып жатады. Бірақ екеуінің арасында арақашықтық сақталады. Оның тіршілік етуге талпынуы – адамның өмір сүру ережесімен мүлдем сай келмейді.

Аруит Карнавалдың шынайы бейнесін ашып тұр. Карнавал – әлемнің кедей аймақтарындағы бейшара күйді жасыру үшін арнайы ұйымдастырылған шара. Карнавал сырт қарағанда, күлкілі және сандырақ шара, адамдардың шынайы күйзелісін жасыруға бағытталған.

Элизабет Бишоп карнавал туралы былай жазады:

- Карнавал өшіп барады, – дейді.
- Радио, американдықтар немесе тағы басқа жайттар карнавалды бұзып бітті.
- Радио айта салды-ау! Себебі карнавал қашанда да керемет болған!

Карнавал коммерциализацияланғанда, елдің әлеуметтік жағдайы да өзгере бастады. Кедей экс-африкандық құлдардың қауымдастығын әжуалауға арналған фестиваль енді экономикалық маңызы бар оқиғаға айналды. Әрине, бәрі үшін емес. Кедейлер де, иттер же туризмнен түскен байлықтан ешбір пайда көрмейді. Үй-күйсіз иттер – шешілуі тиіс күрделі мәселе. Жыл сайын елде өтетін мереке кедейліктің кесірінен мұңлы болмауы үшін жабайы иттерді құрту керек. Сонда иттерге киім кигізу – қоғамдық-саяси мәселе, қоғамдағы қиындықты жасыру мақсатын көздейді. Бишоптың өлеңдеріндегі жануарлар бейнесі адамды кең ойлануға тәрбиелейді, себебі тар ойлау туындаған күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді.

Жануарлардың өмірі, тіпті қаланың көшелеріндегі жабайы иттердің өмірі болсын, адамның қатысынсыз-ақ өрбіп жатыр. Олар туылып, өлуде. Өмір қалыпты тәртіппен жалғасын табуда. Әлемнің басқа қалаларында секілді Рио-де-Жанейрода да көшені қаңғыбас иттерден тазарту мәселесі өзекті болған. Прогресс деген сылтаумен күн сайын көше иттерін уландырып, не атып, азайтуда. Азаптап өлтіріліп, кінәсіз жануарлар көптеп жойылуда. Сондықтан арнайы қоғамдық ұйымдар жабайы қала жануарларының құқығы үшін күресе бастады.

Қызғылт түсті ит ережеге бағынып өмір сүрмейді, билікті мойындамайды, тіпті, оларға қарсы да шықпайды. Қарсы шыққанның өзінде екеуінің ұпайы түгел. Себебі иттердің қарсылығы прогрессивті адамға кедергі келтірмейді. Басқа да жануарлар секілді Бишоптың жануарлары адамның көзқарасынан тәуелсіз өмір сүреді. Ақынның өлеңдері – жаңа әлемге жол ашады.



Әбден қорлық көрген бұл бейшара иттен қандай сабақ аламыз? Ит – жануар, адамдарға талпына қоймайтын дәнекер. Ол, керісінше, адамның өзі талпынуы тиіс жаратылыс. Басқаша айтқанда, иттен жақсылық немесе пайда алу үшін дос болуға болады. Сол арқылы адам өзінің адамшылығын сақтап қалуға мүмкіндік алады.

Сабақ – тым қарапайым әрі жеңіл, әрине. Соған қарамастан, өлеңнен сабақ алу үшін оқырман көп күш жұмсауы тиіс. Жүректі өзгерту – оңай шаруа емес. Жүректі өзгерту үшін адам санасын өзгерте білуі тиіс. Бишоптың жануарлары – тұтынушылық бағасы жоқ кейіпкерлер. Олардың құндылығы да осында.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Элизабет Бишоптың жан-жануарларды бейнелеудегі ерекше тәсіліне сипаттама беріңіз.

### Әдебиеттер

1. Doreski C. K. Elizabeth Bishop: The Restraints of Language. – New York: Oxford University Press, 1993.
2. Blasing Mutlu Konuk. From Gender to Genre and Back: Elizabeth Bishop and «The Moose»// American Literary History. – 1994.
3. Samuels Peggy. Verse as Deep Surface: Elizabeth Bishop's New Poetics, 1938-39. – Twentieth Century Literature. – 2006. – 52.3.
4. Spiegelman Willard. Imaginative Transcripts: Selected Literary Essays. – New York: Oxford University Press, 2009.
5. White Heather Cass. Elizabeth Bishop's Calling. – Twentieth Century Literature. – 2002. – 48.2.
6. Graf Anastasia. Representing the Other: A Conversation among Mikhail Bakhtin, Elizabeth Bishop and Wisława Szymborska. – Comparative Literature. – 2005. – 57.1.
7. Costello Bonnie. Vision and Mastery in Elizabeth Bishop. – Twentieth Century Literature. – 1982.- 28.4.